

*¹Каратаев А.А.  ²Сабитов Ж.М. 

^{1,2} Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан Республикасы

E-mail: ¹adilbek.karatayev.93@gmail.com, ²zh.sabitov@gmail.com

ВАН ЧЖИЛАЙДЫҢ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЖАЛПЫ ТАРИХЫ. ЖАҢА ЗАМАН» КІТАБЫНА АКАДЕМИЯЛЫҚ ШОЛУ

Аңдатпа. Бұл мақала қытайлық зерттеуші Ван Чжилайдың «Zhongya tongshi: Jindai juan» («Орталық Азияның жалпы тарихы. Жаңа заман») атты монографиясына арналған кешенді академиялық шолу болып табылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – аталған іргелі еңбектің ғылыми мазмұнын, әдіснамалық ерекшеліктерін, қытайлық тарихнамалық мектептің концептуалды ұстанымдарын және оның Орталық Азия тарихнамасындағы алатын орнын анықтау. Зерттеу барысында ғылыми объективтілікті қамтамасыз ету үшін салыстырмалы-тарихи талдау, тарихнамалық дескрипция және мәтіндік интерпретация әдістері кеңінен қолданылды. Осы тұрғыда мақаланың басты міндеттері ретінде монографияның құрылымын, оның деректік негізін құрайтын қытай, парсы, орыс құжаттарын жүйелеу және автор ұсынған тарихи тұжырымдарды талдау белгіленді. Сонымен қатар, еңбекті қазіргі заманғы батыс тарихнамасының танымал өкілдері А. Халид, П. Голден және П. Франкопанның тұжырымдамаларымен салыстыру арқылы қытайлық ғылыми көзқарастың өзіндік ерекшеліктері мен идеологиялық аспектілері айқындалды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы Ван Чжилай еңбегін халықаралық тарихнамалық контексте алғаш рет қарастырып, оның аймақ тарихын түсіндірудегі әскери-саяси және еуразиялық әдіснамалық ұстанымдарын айқындаудан көрінеді. Зерттеу нәтижесінде аталған монографияның негізгі ғылыми артықшылықтары (деректік молдығы, жүйелілігі) мен шектеулері (әлеуметтік-экономикалық факторлардың үстірт баяндалуы) көрсетіліп, оның Орталық Азия тарихын зерттеудегі маңызы мен болашақ зерттеулер үшін перспективалық бағыттары нақтыланды. Осы жұмыс аймақ тарихын көпжақты пайымдауға мүмкіндік береді.

Алғыс: Бұл мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстанның XIII–XV ғасырлардағы ортағасырлық тарихына қатысты қытай деректерін және қытай тарихнамасын аудару» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды (тіркеу нөмірі: AP 26103675).

Кілт сөздер: Орталық Азия тарихы, тарихнама, Ван Чжилай, Ресей империясы, Ұлы ойын, Қазақ хандығы, геосаяси бәсекелестік, Орталық Азия хандықтары.

Кіріспе

Орталық Азия тарихы әлемдік тарих ғылымындағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Аймақтың Еуразия кеңістігіндегі геосаяси орналасуы, көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара әрекеттесуі, сондай-ақ ірі державалардың саяси мүдделері оның тарихи дамуына ерекше ықпал етті. Өсіресе XVI–XIX ғасырлар аралығында Орталық Азияда хандық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ Ресей және Британ империялары арасындағы геосаяси бәсекелестік аймақ тарихының негізгі мазмұнын айқындады.

Соңғы жылдары Орталық Азия тарихын зерттеуде әртүрлі ғылыми дәстүрлер қалыптасты. Солардың ішінде қытайлық зерттеуші Ван Чжилайдың «Zhongya tongshi: Jindai juan» («Орталық Азияның жалпы тарихы. Жаңа заман») атты монографиясы ерекше назар аударады. Бұл еңбек XVI–XIX ғасырлардағы аймақ тарихын кең көлемде қарастырып, Орталық Азиядағы саяси үдерістерді және ұлы державалардың геосаяси бәсекелестігін жүйелі

түрде сипаттауға бағытталған. Осыған байланысты аталған еңбекті қазіргі заманғы халықаралық тарихнамамен салыстыра отырып талдау аймақ тарихын зерттеудегі түрлі ғылыми көзқарастарды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеудің деректік негізін қытайлық ғалым Ван Чжилайдың «Zhongya tongshi: Jindai juan» («Орталық Азияның жалпы тарихы. Жаңа заман») атты монографиясы құрайды (Wang, 2004). Сонымен қатар зерттеу барысында Орталық Азия тарихына арналған қазіргі заманғы тарихнамалық еңбектер, атап айтқанда А. Халид (Khalid, 2021), П. Голден (Golden, 2011) және П. Франкопан (Frankopan, 2015) зерттеулері пайдаланылды. Бұл еңбектер салыстырмалы талдау жүргізуге және әртүрлі ғылыми дәстүрлердегі көзқарастарды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тарихнамалық талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Тарихнамалық талдау арқылы қарастырылып отырған еңбектің қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер жүйесіндегі орны айқындалды. Салыстырмалы-тарихи әдіс Ван Чжилайдың еңбегін батыс зерттеушілерінің жұмыстарымен салыстыруға мүмкіндік берді. Ал мәтіндік талдау әдісі монографияның құрылымын, автордың негізгі тұжырымдарын және пайдаланылған дереккөздердің ерекшеліктерін анықтауға бағытталды.

Осы әдістерді кешенді қолдану зерттеліп отырған еңбектің мазмұнын жан-жақты талдауға және оның Орталық Азия тарихнамасындағы ғылыми маңызын анықтауға мүмкіндік береді.

Талқылау

Орталық Азияның Жаңа заман кезеңіндегі тарихы, әсіресе XVI–XIX ғасырлар аралығындағы саяси трансформациялар мен империялық экспансия үдерістері әлемдік тарихнамада әртүрлі әдіснамалық парадигмалар шеңберінде зерттеліп келеді. Бұл тақырыпты бұрын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне тарихнамалық шолу жасау Ван Чжилай монографиясының өзіндік концептуалды ерекшелігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Дәстүрлі орыс және кеңестік тарихнама мектебінде Орталық Азия хандықтары мен қазақ жүздерінің тарихы ұзақ уақыт бойы еуроцентристік немесе империялық-отарлық тұрғыдан қарастырылды. Кеңестік кезеңдегі ұлттық республикалардың тарихына арналған зерттеулерде аймақтың Ресей империясына қосылуы «прогрессивті маңызға ие болды» деген идеологиялық тұжырым шеңберінде бағаланса, «Ұлы ойын» мәселелері көбіне Англияның басқыншылық жоспарларына тосқауыл қою контекстінде сипатталды. Алайда, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында орыс тілді ғылыми кеңістікте аймақ тарихын толыққанды біртұтас еуразиялық феномен ретінде қарастыратын жалпылама монографиялардың тапшылығы байқалды.

Екінші жағынан, қазіргі заманғы Батыс тарихнамасы Орталық Азия тарихын сипаттауда сыртқы империялық ықпалдан гөрі ішкі қоғамдық-динамикалық үдерістерге көбірек назар аударуға көшті. Мысалы, Адиб Халид өзінің зерттеулерінде аймақтың ішкі әлеуметтік құрылымына, мәдени модернизацияға және жәдидшілдік қозғалысына басымдық береді. Ол жергілікті элиталардың отарлық билікпен өзара әрекеттесуін күрделі әлеуметтік байланыстар контекстінде талдайды. Питер Голден болса, аймақтың өзіндік болмысын «көшпелі және отырықшы оазистік мәдениеттердің симбиозы» мен Жібек жолының коммуникациялық рөлі арқылы түсіндіреді. Питер Франкопан да еуроцентристік көзқарастан бас тартып, Орталық Азияны әлемдік өркениеттердің басты қиылысы мен орталығы ретінде көрсетеді. Бұл батыстық тенденциялар тарихи үдерістердегі жергілікті факторлардың рөлін айрықшалаумен ерекшеленеді.

Осы зерттеулердің аясында Ван Чжилайдың еңбегі мүлдем басқа, яғни қытайлық ғылыми және идеологиялық мектептің көзқарасын ұсынады. Ол бұрынғы зерттеушілер қол жеткізе бермеген Цин империясы мен қытай мұрағаттарының мол деректерін ғылыми айналымға қосады. Алайда, Батыс ғалымдарымен салыстырғанда, Ван Чжилайдың тұжырымдамасы ХХІ ғасырдың басындағы Қытай Халық Республикасының мемлекеттік тұтастық пен халық бірлігі туралы ресми доктринасына негізделген.

Тарихнамалық салыстыру көрсеткендей, егер Голден мен Франкопан аймақты сауда және мәдени байланыстар кеңістігі ретінде сипаттаса, ал Халид модернизация мен ұлттық бірегейлікті алға тартса, Ван Чжилай негізінен әскери-саяси тарихқа, қарулы қақтығыстарға және ұлы державалардың геосаяси бәсекесіне баса назар аударады. Оның тұжырымында қуатты, орталықтандырылған және зайырлы мемлекет қана болашақ тұрақты дамудың кепілі ретінде дәріптеледі. Осылайша, бұрынғы зерттеушілердің еңбектерін талдау Ван Чжилай монографиясының әрі күшті (ауқымды хронология, бірегей қытай деректері), әрі шектеулі тұстарын (мәдени-экономикалық факторлардың көлеңкеде қалуы, идеологиялық реңк) айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері

Қарастырылып отырған басылым – қытайлық ғалым Ван Чжилайдың (王治来) “Zhongya Tongshi: 近代卷” («Орталық Азияның жалпы тарихы: Жаңа заман») атты монографиясы (Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2004) (Wang, 2004).

Кітап XVI–XIX ғасырлардағы Орталық Азия тарихын негізінен Ресей империясы мен Британ империясының отарлық саясаты контекстінде қарастырады. Автор оқиғалардың бірізділігін егжей-тегжейлі баяндайды: чингисидтік хандықтардың құрылуы, олардың гүлдену кезеңі, ұлы державалардың бәсекелестігі, кейіннен аймақтың патшалық Ресей тарапынан жаулап алынуы. Еңбек қытай, парсы және орыс дереккөздерінің мол корпусына негізделген және автордың отыз жылдық зерттеу барысында жинаған материалдарының ауқымдылығын көрсетеді. Бұл шолуда еңбектің күшті және әлсіз жақтары, қолданылған әдістемелік ұстанымдардың өзіндік ерекшелігі және тарихи ғылымға қосқан үлесі талданады.

Аталған еңбектің зерттеулер кеңістігіндегі орнын айқындау мақсатында ол үш ұқсас жұмысымен салыстырылып қарастырылды: Адиб Халидтің монографиясы (Khalid, 2021), Питер Голденнің еңбегі (Golden, 2011) және Питер Франкопанның «Жібек жолдары» атты кітабы (Frankopan, 2015). Мұндай салыстырмалы талдау қытайлық ғылыми көзқарастың ерекшеліктерін және еңбектің идеологиялық контекстін нақтылауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде болашақ зерттеулер үшін бес негізгі бағыт айқындалып, кітапты ғылыми және білім беру жұмыстарында қолдануға қатысты практикалық ұсыныстар берілді.

Автор зерттеуді Хиуа, Бұхара, Қоқан, Сібір және Қазақ хандықтарының қалыптасуынан бастайды, олардың ішкі саяси құрылымын және Ресеймен, Қытаймен, сондай-ақ Персиямен сыртқы байланыстарын талдайды. Бұдан кейін бұл хандықтардың, соның ішінде Қазақ хандығының гүлдену дәуірі қарастырылады. Кейін XVII–XVIII ғасырлардағы кезең сипатталып, бұл уақытта аймақ ұзақ уақыт салыстырмалы тұрақтылық жағдайында болғаны көрсетіледі.

6–10 тарауларда «Ұлы ойын» кезеңі баяндалады: Британия мен Ресей арасындағы геосаяси қарсыластық және Орта Азияның патшалық Ресей тарапынан кезең-кезеңімен жаулап алынуы (Сібір хандығының бағындырылуы, қазақ хандарының вассалдық тәуелділікке түсуі, Қырым соғысы, Хиуа, Бұхара, Қоқан және Түрікменстанның бағындырылуы).

Кітаптың ғылыми әдістемесі хронологиялық баяндауды көптеген бастапқы дереккөздерді пайдаланумен ұштастырады (дипломатиялық елшілік есептері, жылнамалар, шығыстық «кітаптар» және т.б.). Еңбек баяндаудың жүйелілігімен және аймақ тарихын Шығыс пен Батыстың өзара әрекеттесуі тұрғысынан пайымдауға ұмтылысымен ерекшеленеді.

Қазіргі заманғы Орталық Азия тарихнамасы түрлі әдіснамалық бағыттарымен ерекшеленеді. Батыс зерттеулерінің ішінде А. Халидтің “Central Asia. A New History from the Imperial Conquests to the Present” (2021) атты еңбегі айрықша орын алады. Бұл – XVIII ғасырдың ортасынан бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтитын аймақтың алғашқы кешенді тарихы. Халид зерттеуінде ішкі қоғамдық өзгерістерге, жәдидшілдік қозғалысына және жергілікті элиталар мен отарлық билік арасындағы күрделі өзара қатынастарға ерекше назар аударады.

Питер Голден “Central Asia in World History” (2011) атты шолуында аймақ тарихын көшпелілік пен Жібек жолы феномені тұрғысынан қарастырады. Оның пікірінше, Орталық Азиядағы екі түрлі өмір салты – оазистік және көшпелі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі – «Орталық Азия туралы біліміміздің басым бөлігін айқындаған». Голден көші-қон үдерістеріне, сауда байланыстарына және жаңа этностардың қалыптасуына ерекше мән береді. Ал Питер Франкопан өзінің «Жібек жолдары» (2015) атты еңбегінде еуроцентристік көзқарасты қайта қарастыруға ұмтылады. Автор «әлемнің орталығы» дәстүрлі түрде қабылданған батыстық кеңістікте емес, Ирак пен Кавказдан шығысқа қарай – Иран мен Орталық Азия аймағында орналасқан деп тұжырымдайды.

Тарихи зерттеулердің молдығына қарамастан, Орталық Азияның жинақталған жалпы тарихын қамтитын еңбектер сирек кездеседі. Орыс тіліндегі әдебиеттер арасында бұл тақырыпқа жақын еңбектер ретінде Орталық Азия тарихына арналған оқулықтардың бөлімдерін, кеңестік кезеңдегі ұлттық республикалар туралы монографияларды, сондай-ақ «Ұлы ойын» мен жекелеген хандықтар тарихына арналған зерттеулерді атауға болады. Алайда XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басында орыс тілінде жарияланған толыққанды шолу сипатындағы жеке монография әлі қалыптаса қойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, Ван Чжилайдың қытай тіліндегі еңбегі маңызды жаңа кезең ретінде қабылданады: автор Қытай архивтеріне қолжетімділікті және аймақтың тарихи дәстүрін пайдалана отырып, Орталық Азия тарихының кешенді баянын ұсынуға талпыныс жасайды.

Қытай зерттеулерінде Ван Чжилай Орталық Азия тарихының жетекші мамандарының бірі саналады. Оның көлемді “Zhongya Tongshi” («Орталық Азияның жалпы тарихы») атты еңбегі төрт томдық ретінде жоспарланған (2-том – 近代卷 – «Жаңа заман»; 3-том – 现代卷 – «Қазіргі кезең»). Қытай ғылыми қауымдастығында бұл еңбек Орталық Азияны зерттеу саласына Қытай тарапынан қосылған ірі үлестердің бірі ретінде бағаланады. Зерттеушілер автордың орыс, парсы, қытай және ұйғыр дереккөздерінің кең корпусын пайдаланғанын және аймақ тарихының жүйелі көрінісін жасауға ұмтылғанын атап өтеді. Сонымен қатар көптомдық еңбекте кез келген ірі зерттеуге тән белгілі бір олқылықтар мен қарапайымдандырулар болуы мүмкін екендігі де айтылып келеді.

Қытайлық зерттеушілер автордың Қытай Халық Республикасының халық бірлігі туралы ресми тұжырымдамасына бейілділігін де атап көрсетеді. Бұл ұстаным еңбекте зайырлы, діни емес қоғамдық тәртіп пен қуатты мемлекет болашақ дамудың кепілі ретінде қарастырылатынынан байқалады. Ал аймақ құжаттарымен жұмыс істейтін батыс зерттеушілері тарихи үдерістерде жергілікті факторлардың – әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың – рөлін айрықша атап көрсетуге бейім.

Аймақ тарихының баяндалуын Ван Чжилайдың еңбегінде басқа зерттеулермен салыстыру маңызды. Питер Голден мен Питер Франкопан Орталық Азияны негізінен көлік-коммуникациялық байланыстар кеңістігі ретінде қарастырады: Голден оны көшпелілер мен сауда жолдарының тоғысқан аймағы ретінде сипаттаса, Франкопан өркениеттер қиылысы ретінде түсіндіреді. Ал Ван Чжилайдың еңбегінде қарулы қақтығыстар мен империялар арасындағы күреске көбірек назар аударылады. А. Халидтің зерттеулерінде, керісінше, модернизация үдерістері мен ұлттық мемлекеттердің қалыптасуына басымдық беріледі. Осы көзқарастарды салыстыру Ван Чжилайдың кітабы ең алдымен әскери-саяси тарихқа

арналғанын, ал экономикалық және мәдени қырлары салыстырмалы түрде аз қарастырылғанын көрсетеді.

Кітаптың мазмұны

Еңбек 10 тараудан тұрады, әр тарау бірнеше параграфқа бөлінген және XVI ғасырдан XIX ғасырдың соңына дейінгі Орталық Азия тарихын егжей-тегжейлі сипаттайды. Төменде әр тараудың негізгі тұжырымдары қысқаша берілген:

1-тарау. XVI ғасырдағы Орталық Азия хандықтарының қалыптасуы. Автор Моғолстанның ыдырауын, өзбек қолбасшысы Шайбани ханның жеңістерін және Хиуа, Бұхара, Қоқан хандықтарының құрылуын баяндайды. Шайбанидтердің шежіресі мен саяси бытыраңқылықтың хроникасы келтіріледі. Осы кезеңде Ресей мемлекеті жаңа қалыптасып келе жатқан күш ретінде сипатталып, Орталық Азия жергілікті әулеттердің толық бақылауында болғаны көрсетіледі. Сонымен қатар Қазақ хандығының маңызы атап өтіліп, Ресейдің аймақ шекараларына — қазақ даласына қарай жылжуының басталғаны айтылады.

2-тарау. Ортаазиялық хандықтардың сыртқы байланыстары. Бұл тарауда хандықтардың әлеуметтік құрылымы (шариғатқа негізделген құқықтық тәртіп, мемлекеттік басқару жүйесі) және олардың сыртқы саясаты сипатталады. Парсы, Үндістан және Қытаймен байланыстар, сондай-ақ Ресеймен алғашқы қатынастар қарастырылады. Автор XVI–XVII ғасырларда-ақ орыс күштерінің шекаралық аймақтарға ене бастағанын, бұл кейінгі геосаяси бәсекелестіктің алғышартын жасағанын атап көрсетеді.

3-тарау. Орталық Азия хандықтарының ең жоғарғы гүлдену кезеңі. Бұл бөлімде хандықтардың саяси және экономикалық күшеюі баяндалады. Алайда автор бұл өсімнің болашақта жоңғар және қытай саяси күштерімен болатын қақтығыстарға алып келетінін көрсетеді. Осы жерде хандықтардың «шарықтау шегі» туралы идея айқын байқалады.

4-тарау. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Орталық Азияның ішкі және сыртқы жағдайы. Автор XVIII ғасырдың ортасындағы ірі күйзелістерді сипаттайды: жоңғарлардың Қазақстанға жорығы, сондай-ақ Цин империясының жоңғарларды талқандауы. Бұл оқиғалар аймақта салыстырмалы «тыныштық» кезеңін туғызды және ықпал аймақтарының бөлінуіне әкелді: Ресей казак әскерлерін далаға орналастырып, Қытай Тарбағатайдан шығысқа қарай орналасқан жерлерді өз бақылауында қалдырды. Осылайша автор түркілік саяси үстемдіктің әлсіреуін және империялық күштердің рөлінің артуын көрсетеді.

5-тарау. Салыстырмалы бейбітшілік пен тұрақтылық кезеңі. Бұл тарауда XVIII ғасырдың екінші жартысы қарастырылады: Жоңғар қаупінен кейін Хиуа мен Бұхара хандықтары бұрынғы шекараларын қалпына келтіреді, ал Қоқан Ферғана өңіріндегі билігін нығайтады. Ресеймен қатынастар шиеленісті күйінде қалғанымен, нақты соғыс қақтығыстары орын алмайды. Автор бұл кезеңде Англия аймақта әлі белсенді саясат жүргізбегенін, ал Иран ішкі мәселелермен айналысқанын атап өтеді. Орталық Азия үшін 1750–1800 жылдар аралығы «ішкі әлсіреу» кезеңі ретінде сипатталады, соған қарамастан болашақта империялық державалармен болатын қарсыластықтың алғышарттары осы уақытта қалыптасады. 6-тарау. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресей мен Англияның Орталық Азиядағы бәсекелестігі.

6-тарау. Бұл бөлімде «Ұлы ойын» кезеңі баяндалады. Англияның Парсиямен жүргізген соғыстары және олардың Орта Азиядағы жағдайға ықпалы (1804–1813 жылдардағы иран оқиғалары), сондай-ақ Қоқан хандығының күшеюі қарастырылады. Негізгі назар ағылшын-орыс геосаяси бәсекелестігінің басталуына аударылады: I Павелдің Парсы жорығы (1804) және Бірінші ағылшын-ауған соғысы (1839–1842) аталады. Автордың пікірінше, XIX ғасырдың ортасына қарай Орта Азия «стратегиялық бәсекелестік алаңына» айналады, алайда нақты қақтығыстар әзірге жергілікті сипатта болады (мысалы, 1827 жылғы орыс-британ келісімі).

7-тарау. Қырым соғысына дейін және одан кейінгі кезеңдегі патшалық Ресейдің Орта Азияға экспансиясы. Бұл тарауда Ресейдің жаулап алу саясатының жаңа кезеңі сипатталады. Ермолов, Кауфман және Черняев жорықтары баяндалады. Қырым соғысының салдары

көрсетіліп, Кавказдағы жетістіктерден кейін Ресейдің назарын Орталық Азияға аударуға мүмкіндік алғаны атап өтіледі. Сонымен қатар қазақ жүздерінің біртіндеп Ресейге бағындырылуы қарастырылады. Автордың қорытындысы бойынша, 1860-жылдарға қарай Ресейде аймақтағы хандық билікті жою үшін барлық алғышарттар қалыптасады.

8-тарау. Бұхара мен Хиуаның жаулап алынуы. Бұл бөлімде 1868 және 1873 жылдардағы әскери жорықтар егжей-тегжейлі сипатталады. Ресей әскерлері Самарқанд пен Ходжентті алып, Бұхараны протекторатқа айналдырады; кейін генерал Константин фон Кауфман басқарған екінші экспедиция Хиуаны бағындырады. Тарау соңында 1876 жылға қарай хандық билік тек Қоқан мен Түрікменстанның кейбір бөліктерінде ғана сақталғаны, ал Ресей негізгі қалалар мен сауда жолдарын бақылауға алғаны атап өтіледі.

9-тарау. Қоқанның қосылуы және Екінші ағылшын-ауған соғысы. Бұл тарауда 1875–1881 жылдардағы оқиғалар баяндалады. Негізгі оқиғалар қатарында орыс әскерлерінің Ош пен Ходжентті алуы және Қоқан хандарының биліктен құлатылуы көрсетіледі. Сонымен қатар Британиямен шиеленістің күшеюі, Екінші ағылшын-ауған соғысы (1878–1880), шекаралық өзгерістер және Сырдария маңындағы Қоқан жерлерінің Ресей протекторатына өтуі қарастырылады. Бұл тарау Ресейдің аймақтағы үстемдігін бекіткен кезеңді көрсетеді.

10-тарау. Түрікмен жерлерінің қосылуы және орыс әкімшілік жүйесінің орнауы. Соңғы тарау 1880–1890 жылдардағы оқиғаларды қамтиды. Ахал-теке түрікмен тайпаларына қарсы жорықтар, Геок-Тепе бекінісінің шабуылы және қарсылықтың басылуы (1893 жылы Ашхабадтың алынуы) сипатталады. Сонымен қатар 1885 жылғы «Пяндж дағдарысы» талданып, Ресейдің Пяндж өңірін бақылауына алуы көрсетіледі. Тараудың қорытынды бөлімі жаңа аумақтардың әкімшілік құрылымына арналған: губернаторлықтар енгізіліп, ресейлік бюрократиялық басқару жүйесі қалыптасады. Автордың тұжырымы бойынша, 1890-жылдарға қарай бүкіл Орталық Азия Ресей самодержавиесінің билігіне өткен.

Күшті және әлсіз жақтары, жаңалығы мен ғылыми үлесі.

Күшті жақтары

Ван Чжилайдың еңбегі ауқымдылығы жағынан ерекше және көптеген батыс тарихшылары үшін қолжетімсіз дереккөздерге сүйене отырып жазылған. Баяндау логикасы айқын: автор оқиғаларды жүйелі түрде тізбектеп береді, сондықтан оқырман бүкіл хронологиялық дамуды толық бақылап отырады. Еңбектің маңызды жаңалығының бірі – қытайлық зерттеу перспективасының қолданылуы. Аймақ тек орыс-еуропалық «Ұлы ойын» шеңберінде ғана емес, сондай-ақ өз ішкі динамикасы бар біртұтас еуразиялық кеңістіктің бөлігі ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар автордың Орталық Азия мемлекеттерінде «дін мен биліктің рухани бірлігі» болғаны және бұл жүйенің сыртқы басқыншылықтың әсерінен әлсірегені туралы тұжырымы аймақ тарихындағы діни фактордың рөлін қайта пайымдауға мүмкіндік береді.

Әлсіз жақтары

Еңбектің басты сынға алынатын тұсы – «ұлы державалар» арасындағы геосаяси бәсекелестікке шамадан тыс көңіл бөлінуі және ішкі факторлардың жеткіліксіз талдануы. Автор Ресей мен Британияның шешуші рөлін ерекше атап көрсетеді, ал жергілікті халықтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ішкі саяси қақтығыстар, табиғи-климаттық апаттар сияқты мәселелер тек эпизодтық түрде ғана қарастырылады.

Қоғамдық-мәдени мәселелердің ішінде негізінен дін саяси қуаттың факторы ретінде сипатталады, ал экономика, білім беру жүйесі және әлеуметтік құрылым сияқты басқа маңызды аспектілер үстірт баяндалған.

Жалпы алғанда, Ван Чжилайдың кітабы мазмұнды анықтамалық сипаттағы еңбек ретінде жоғары бағалауға лайық. Ол оқырманға дәуірдің кешенді көрінісін ұсынып, көптеген деректерді жүйелеп береді. Еңбектің кемшіліктері жалпылама сипаттағы зерттеулерге тән – мәдени және экономикалық үдерістердің шектеулі талдануы, кейбір тұстарда идеологиялық реңктің байқалуы.

Соған қарамастан, бұл жұмыс ғылыми әдебиетке маңызды үлес қосады, өйткені ол жинақталған білімді қорытындылап қана қоймай, Орталық Азия тарихына қытайлық зерттеу көзқарасын ұсынады.

Болашақ зерттеулердің бағыттары

Жүргізілген талдау негізінде Орталық Азия тарихын әрі қарай зерттеу үшін бірнеше нақты ғылыми мәселелер мен жобаларды ұсынуға болады:

XIX ғасырдағы жәдидшілдік және діни реформалардың рөлі. Ван Чжилайдың еңбегінде жәдидтер (мұсылман реформаторлары) туралы тек қысқаша ғана айтылған. Сондықтан ағартушылық ислам идеяларының хандықтардың саясаты және отарлық билікпен өзара әрекеттесуін тереңірек зерттеу қажет. Сондай-ақ бұл қозғалыс аймақ халықтарын біріктірудің ықтимал идеологиялық негізіне айнала алар ма еді деген мәселе де ғылыми тұрғыдан маңызды.

Қытай ықпалы және Шыңжаң мәселесі. Автор Орта Азиядағы Қытайдың рөлін, жоңғарларға қарсы күресті айтпағанда, іс жүзінде талдамайды. Осыған байланысты Қытайдың батыс провинциялары мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы жаңа заман кезеңіндегі тарихи байланыстарды зерттеуге арналған жоба маңызды болар еді. Мұнда сауда қатынастары, ұйғыр, қазақ, дүнген сияқты этникалық топтардың көші-қоны, сондай-ақ Цин империясының дипломатиялық саясаты қарастырылуы тиіс.

Жергілікті қоғамдар және күнделікті өмір тарихы. Тағы бір маңызды бағыт – этнографиялық реконструкция жасау. Мәселен, хандықтар халқының Ресей әкімшілік жүйесіне бейімделуі қалай жүзеге асты? Бұл мәселені зерттеу үшін орыс әскери құжаттарын, жергілікті шежірелерді, жер кітаптарын және эпистолярлық дереккөздерді талдау қажет. Мұндай зерттеулер саяси тарихқа негізделген баяндауды әлеуметтік және мәдени өлшемдермен толықтыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ван Чжилайдың «Орталық Азияның жалпы тарихы. Жаңа заман» атты еңбегі Орталық Азия тарихын қытайлық ғылыми көзқарас тұрғысынан сипаттауға жасалған аса ауқымды талпыныстардың бірі болып табылады. Оның басты артықшылығы – деректік материалдардың молдығы және баяндаудың жүйелілігі. Сонымен қатар еңбек көбіне геосаяси және әскери-саяси аспектілерге басымдық беретіндігімен ерекшеленеді.

Соған қарамастан, бұл кітап XVI–XIX ғасырлардағы оқиғалар туралы кең көлемді мәліметтерді жинақтаған сенімді бастапқы бағдар ретінде бағалана алады. Әсіресе оны әлемнің басқа ғылыми дәстүрлеріндегі зерттеулермен салыстыра отырып пайдалану Орталық Азия тарихының көпқырлы сипатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

Allworth, 1967 – *Allworth E.* Central Asia: A Century of Russian Rule. New York: Columbia University Press, 1967. 698 p.

Becker, 1968 – *Becker S.* Russia's Protectorates in Central Asia: Bukhara and Khiva, 1865–1924. Cambridge: Harvard University Press, 1968. 378 p.

Christian, 1998 – *Christian D.* A History of Russia, Central Asia and Mongolia. Vol. 1. Oxford: Blackwell, 1998. 472 p.

Frankopan, 2015 – *Frankopan P.* The Silk Roads: A New History of the World / P. Frankopan. London : Bloomsbury Publishing, 2015. 636 p.

Golden, 2011 – *Peter B. Golden,* Central Asia in World History. New York: Oxford University Press, 2011. 139 p.

Hopkirk, 1990 – *Hopkirk P.* The Great Game: The Struggle for Empire in Central Asia. London: John Murray, 1990. 564 p.

- Khalid, 2021 – *Khalid A. Central Asia: A New History from the Imperial Conquests to the Present*. Princeton: Princeton University Press, 2021. 576 p.
- Morrison, 2021 – *Morrison A. The Russian Conquest of Central Asia: A Study in Imperial Expansion, 1814–1914*. Cambridge: Cambridge University Press, 2021. 641 p.
- Soucek, 2000 – *Soucek S. A History of Inner Asia*. Cambridge: Cambridge University Press, 2000. 369 p.
- Olcott, 1995 – *Olcott M.B. The Kazakhs*. Stanford: Hoover Institution Press, 1995. 396 p.
- Wang, 2004 – *Wang Zhilai. Zhongya tongshi: Jindai juan (中亚通史: 近代卷)* = Орталық Азияның жалпы тарихы. Жаңа заман. Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2004. 490 б.

References:

- Allworth, 1967 – *Allworth E. Central Asia: A Century of Russian Rule*. New York: Columbia University Press, 1967. 698 p. (in Eng.).
- Becker, 1968 – *Becker S. Russia's Protectorates in Central Asia: Bukhara and Khiva, 1865–1924*. Cambridge: Harvard University Press, 1968. 378 p. (in Eng.).
- Christian, 1998 – *Christian D. A History of Russia, Central Asia and Mongolia*. Vol. 1. Oxford: Blackwell, 1998. 472 p. (in Eng.).
- Frankopan, 2015 – *Frankopan P. The Silk Roads: A New History of the World*. Bloomsbury Publishing. London, 2015. 636 p. (in Eng.).
- Golden, 2011 – *Golden P.B. Central Asia in World History*. Oxford University Press. New York, 2011. 139 p. (in Eng.).
- Hopkirk, 1990 – *Hopkirk P. The Great Game: The Struggle for Empire in Central Asia*. London: John Murray, 1990. 564 p. (in Eng.).
- Khalid, 2021 – *Khalid A. Central Asia: A New History from the Imperial Conquests to the Present*. Princeton University Press. Princeton, 2021. 576 p. (in Eng.).
- Morrison, 2021 – *Morrison A. The Russian Conquest of Central Asia: A Study in Imperial Expansion, 1814–1914*. Cambridge: Cambridge University Press, 2021. 641 p. (in Eng.).
- Soucek, 2000 – *Soucek S. A History of Inner Asia*. Cambridge: Cambridge University Press, 2000. 369 p. (in Eng.).
- Olcott, 1995 – *Olcott M.B. The Kazakhs*. Stanford: Hoover Institution Press, 1995. 396 p. (in Eng.).
- Wang, 2004 – *Wang Zhilai. Zhongya tongshi: Jindai juan (中亚通史: 近代卷)* [General History of Central Asia: Modern Period] // Xinjiang People's Publishing House. Ürümsi, 2004. 490 p. (in Chinese).

¹Каратаев А.А..² Сабитов Ж.М.

^{1,2} Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Республика Казахстан
E-mail: ¹adilbek.karatayev.93@gmail.com, ²zh.sabitov@gmail.com

АКАДЕМИЧЕСКИЙ ОБЗОР КНИГИ «ОБЩАЯ ИСТОРИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ. НОВОЕ ВРЕМЯ» ВАН ЧЖИЛАЯ

Аннотация. Данная статья представляет собой комплексный академический обзор монографии китайского исследователя Ван Чжилая «Zhongya tongshi: Jindai juan» («Общая история Центральной Азии. Новое время»). Основной целью исследования является определение научного содержания данного фундаментального труда, его методологических особенностей, концептуальных подходов китайской историографической школы и места монографии в историографии Центральной Азии. Для обеспечения научной объективности были широко использованы методы сравнительно-исторического анализа,

историографической дескрипции и текстуальной интерпретации. В связи с этим основными задачами статьи стали анализ структуры монографии, систематизация китайских, персидских и русских источников, составляющих её источниковую базу, а также рассмотрение исторических концепций, предложенных автором. Кроме того, посредством сопоставления данного труда с концепциями известных представителей современной западной историографии — Адеб Халид, Питер Голден и Питер Франкопан — были выявлены особенности китайского научного взгляда и его идеологические аспекты. Научная новизна исследования заключается в том, что труд Ван Чжилая впервые рассматривается в международном историографическом контексте, что позволяет определить его военно-политические и евразийские методологические подходы к интерпретации истории региона. В результате исследования были выявлены основные достоинства монографии (богатство источниковой базы и системность изложения), а также её ограничения (поверхностное освещение социально-экономических факторов), уточнены её значение для изучения истории Центральной Азии и перспективные направления дальнейших исследований. Данная работа способствует более многогранному осмыслению истории региона.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Перевод китайских источников и китайской историографии по средневековой истории Казахстана XIII-XV веков.» (регистрационный номер: AP 26103675).

Ключевые слова: история Центральной Азии, историография, Ван Чжилай, Российская империя, Большая игра, Казахское ханство, геополитическое соперничество, ханства Центральной Азии.

¹Adilbek A. Karatayev ²Zh. M. Sabitov

^{1,2}Scientific Institute for the Study of the Jochi Ulus, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: ¹adilbek.karatayev.93@gmail.com, ²zh.sabitov@gmail.com

AN ACADEMIC REVIEW OF THE BOOK “A GENERAL HISTORY OF CENTRAL ASIA. THE MODERN PERIOD” BY WANG ZHILAI

Abstract. This article presents a comprehensive academic review of the monograph Zhongya tongshi: Jindai juan (A General History of Central Asia: The Modern Period) by the Chinese scholar Wang Zhilai. The primary objective of the study is to examine the scholarly content of this fundamental work, its methodological features, the conceptual foundations of the Chinese historiographical school, and the monograph's place within the historiography of Central Asia. To ensure scholarly objectivity, the research employs comparative-historical analysis, historiographical description, and textual interpretation. Accordingly, the main tasks of the article include analyzing the structure of the monograph, systematizing the Chinese, Persian, and Russian sources that constitute its documentary foundation, and evaluating the historical interpretations proposed by the author. In addition, by comparing the work with the conceptual approaches of prominent representatives of contemporary Western historiography—Adeeb Khalid, Peter Golden, and Peter Frankopan—the study identifies the distinctive characteristics and ideological dimensions of the Chinese scholarly perspective. The scientific novelty of the research lies in its first examination of Wang Zhilai's work within an international historiographical context, highlighting its military-political and Eurasian methodological approaches to interpreting the history of the region. The findings reveal both the principal strengths of the monograph (its extensive source base and systematic organization) and its limitations (the relatively superficial treatment of socio-economic factors), while clarifying its significance for Central Asian historical studies and identifying promising directions for future research. This study contributes to a more comprehensive and multidimensional understanding of the history of Central Asia.

Acknowledgments: This article was prepared within the framework of the grant project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “Translation of Chinese sources and Chinese historiography on the medieval history of Kazakhstan (13th–15th centuries)” (registration number: AP 26103675).

Keywords: Central Asian history, historiography, Wang Zhilai, Russian Empire, Great Game, Kazakh Khanate, geopolitical rivalry, Central Asian khanates.

Сведения об авторах:

Жаксылык Муратович Сабитов – PhD, директор Научного института изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан.

Адилбек Альбекович Каратаев – магистр, младший научный сотрудник Научного института изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Авторлар туралы мәлімет:

Жаксылык Мұратұлы Сабитов – PhD, Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, Астана, Қазақстан

Әділбек Әлбекұлы Қаратаев – магистр, Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының кіші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан

Information about authors:

Zhaxylyk Muratovich Sabitov – PhD, Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan

Adilbek Albekovich Karatayev – MA, Junior Researcher at the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan

*Келін түсті 3 маусым 2026 жыл
Қабылданды 20 тамыз 2026 жыл*